

**Бюджет қаражаты есебінен жалақы, стипендия, зейнетақы, жәрдемақы және басқа да ақшалай төлемдерді төлеудің тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарға және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдарға жалақы және басқа да ақшалай төлемдерді төлеудің тәртібін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 28 қыркүйек N 1464

**ЕСКЕРТУ. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.01.12. N 30 қаулысымен .**

Ақшалай төлемдерді алушылар үшін қызмет көрсету саласын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік мекемелер 2001 жылдың 1 қаңтарынан бастап, алушының таңдауы бойынша, банктік операцияларды жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдар (бұдан әрі - ұйымдар) арқылы жалақы, стипендия және басқа да ақшалай төлемдерді төлеуді жүзеге асырсын.

Астана мен Алматы және облыстық маңызы бар қалалардағы мемлекеттік мекемелер 2004 жылғы 1 мамырдан бастап қызметкерлерге жалақыны және басқа да ақшалай төлемдерді алушының таңдауы бойынша ұйымдарда ашылған карт-шоттарға аудару жолымен төлеуді жүзеге асырсын.<\*>

Кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органдары мен акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар 2004 жылғы 1 мамырдан бастап Астана мен Алматы және облыстық маңызы бар қалалардағы мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың қызметкерлеріне жалақыны және басқа да ақшалай төлемдерді алушының таңдауы бойынша ұйымдарда ашылған карт-шоттарға аудару жолымен төлеуге көшу жөнінде жұмыс жүргізісін. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1135 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. Кіріспеге, 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.12. N 30 қаулысымен .**

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

2000 жылғы 1 қарашадан бастап республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда ұйымдарда, алушылардың таңдауы бойынша, жеке шоттарға есептеу арқылы ; < \* >

2000 жылғы 1 шілдеден бастап аудандық маңызы бар қалаларда, поселкелік және селолық елді-мекендерде заңдарда белгіленген тәртіппен тендерді жеңіп алған ұйымдар

арқылы зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеуді қамтамасыз етсін. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.02.12. N 223**

қ а у л ы с ы м е н

**ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.12. N 30**

қ а у л ы с ы м е н

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2000 жылғы 1 маусымға дейін аудандық маңызы бар қалаларда, поселкелік және селолық елді-мекендерде аталған ұйымдар арасында зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеуге арналған тендер өткізсін. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.02.12. N 223**

қ а у л ы с ы м е н

4. Жалақы, стипендия, зейнетақы, жәрдемақы және басқа да ақшалай төлемдерді алушылардың жеке шоттарына ақша қабылдау, төлеу және есептеу жөніндегі шығыстар мемлекеттік бюджеттің есебінен жүргізілсін.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1135**

қ а у л ы с ы м е н

5. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер 2001 жылдан бастап мемлекеттік мекемелерді ұстауға жұмсалатын шығыстардың құрамында ақшалай төлемдерді алушылардың жеке шоттарына ақша қабылдау, төлеу және есептеу жөніндегі қызмет көрсетулерге ақы төлеуге қаражат көздесін.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1135**

қ а у л ы с ы м е н

**ЕСКЕРТУ. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.12. N 30**

қ а у л ы с ы м е н

6. "Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдарда стипендия, еңбекақы және басқа да ақшалай төлемдерді төлеу нысанын өзгерту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 тамыздағы N 1214 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 35, 331 - қ ұ ж а т) .

7. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*